

## **Атырау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы**

Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 2023 жылғы 13 маусымдағы № 38 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 21 маусымда № 5039-06 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 365-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 15-тармағының 2) тармақшасына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Атырау қаласының Мәслихаты ШЕШТІ:

1. Атырау қаласында коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) Атырау қаласының Мәслихатының 2019 жылғы 26 маусымдағы № 379 "Атырау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын, сондай-ақ тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4424 болып тіркелген) шешімінің;

2) Атырау қаласының Мәслихатының 2020 жылғы 28 ақпандағы № 481 "Атырау қаласы Мәслихатының 2019 жылғы 26 маусымдағы № 379 "Атырау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын, сондай-ақ тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4609 санымен тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Атырау қаласы Мәслихатының төрағасы*

*Н. Құрман*

Атырау қаласының  
Мәслихатының 2023 жылғы 13  
маусымдағы № 38 шешіміне  
қосымша

## **Атырау қаласында коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары**

			Коммуналды қалдықтар
--	--	--	----------------------

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	ың жинақталуының орташа жылдық нормалары, м3
1.1.	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,02
1.2.	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,1
2.	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,05
3.	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,91
4.	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,53
5.	Мекемелер, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,25
6.	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,0082
7.	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,25
8.	Мектептер және өзге оқу орындары	1 оқушы	0,35
9.	Мейрамханалар, дәмханалар, басқа да көңіл көтеретін ғимараттар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,18
10.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, интернет-кафе, компьютерлік клубтар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,42
11.	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,0043
12.	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,045
13.	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,008
14.	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, аралас дүкендер	Сауда алаңы 1 м2	0,25
15.	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м2	0,32
16.	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,46
17.	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,38
18.	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,72
19.	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,35
20.	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,78
		Сауда алаңы	

21.	Дәріханалар		1 м2	0,44
22.	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС		1 машина-орын	0,57
23.	Автомобиль шеберханалары		1 жұмысшы	1,35
24.	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер		1 гаражға	0,42
25.	Шаштараздар, сұлулық салондары		1 жұмыс орны	0,44
26.	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі		Жалпы алаңы 1 м2	0,37
27.	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары		Жалпы алаңы 1 м2	0,17
28.	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету (кілттер жасау және сол сияқтылар)		1 жұмыс орны	0,27
29.	Моншалар, сауналар		Жалпы алаңы 1 м2	0,74
30.	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды тұлғалар, саябақ қалдықтары		1000 қатысушылар	0,0047
31.	Бағбандық кооперативтері		1 учаске	1,56